Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Амстердам қаласындағы (Нидерланд Корольдігі) Бас консулдығын қайта ұйымдастыру туралы" Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 121 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Амстердам қаласындағы (Нидерланд Корольдігі) Бас консулдығын қайта ұйымдастыру туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ Қазақстан Республикасының Амстердам қаласындағы (Нидерланд Корольдігі) Бас консулдығын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы мен Нидерланд Корольдігі арасындағы екі жақты ынтымақтастықты жандандыру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасының Амстердам қаласындағы (Нидерланд Корольдігі) Бас консулдығы орналасқан жерін Амстердам қаласынан Гаага қаласына көшіре отырып, Қазақстан Республикасының Нидерланд Корольдігіндегі Дипломатиялық миссиясы етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК